

# РУХЫМДЫ ОЯТ ҚҰДІРЕТ

## ҰЛЫ ЖҮРЕК

Жалғасы. Басы 5-бетте.

### ҚОБЫЗДЫҢ ҮНІ...

Қобыздың үні...  
Оғыздың күні кешегі.  
Аласапыран дүние  
алай да дүлей еседі.

Шетсіз де шексіз,  
осынау сайын далада,  
Керуенін керіп  
Сақтар мен Ғұндар көшеді.

Қобыздың үні...  
Ұлытты Ұлы Даланы.  
Бабалар кешкен,  
зұлматтар зулап ағады.

Қаңбақтар қаңғып  
бөрідей соққан бораннан,  
Боздала боздап,  
бозінген даусы талады.

Қобыздың үні...  
Қазақтың көші - <<Ақтабан>>  
Шұбырып талай,  
тар жолды тайғақ таптаған.

Алапат аштық,  
көрсен де қорлық сұмдықты,  
Алашым аман,  
дәстүр мен салтын сақтаған!

Қобыздың үні...  
Зарлы да мұңды ,қайғылы.  
Қанменен келген,  
жерімнің барша байлығы.

Ұлтымды сақта,  
Рухымды оят ,құдірет,  
Аспандап тұрсын,  
Алаштың асқақ айбыны!

Қобыздың үні...  
Қорқыттың көрі - азалы.  
Өркімнің бар ғой,  
алдынан тосқан ажалы.

Қызықтырғанымен  
қайыры жоқ ешкімге,  
Өмірдің мынау,  
қызыл да жасыл базары!

Қобыздың үні...  
Көңілдің шерлі күйі еді.  
Аманат кылған,  
ұрпаққа ұлы сыйы еді.

Сүйемдей жерде,  
сүйегі жатыр бабамның,  
Саттылып кеттің,  
Өзегім өрт боп күйеді...

Өлең болып өртенді...

Оттай жанып.

Лапылдады лаулады шоқтай қарып.  
Пайғамбары сезінді Қара Өлеңнің,  
Жыр - Ғұмыры ғажайып шаққа  
айналып.

Күннен ,Түннен ,Оттардан сыр аңдады.  
Буырқанбай бір сәтке тұра алмады.  
Алаш үшін туылған Ұлы Жүрек,  
Құдіреттен күш алды ,Тұрандағы.

Махаббатпен мәңгілік мұңдас еді.  
Елең ете қалатын жырласа ,елі.  
Ұлы Ұстаз ,Ұлы Ақын ,Ұлы Жүрек,  
Ол қазақтың Мағжандай тұлғасы еді !

Сан сынаққа шыдаған сірі қазақ.  
Қорғасынның болды ғой құны қазақ.  
Өмірлері қудалау ,жала ,жаза,  
Арыстардың көргені тірі тозақ...

Күшігендер жабылып талағанда,  
Жан тапсырар азулы абадан да.  
Қанша арыстың сүйегі қурады екен,  
Итжеккен де ,Сібір де ,Магадан да?...

Атар таң,

Келер күнге сенді ме екен.  
Буынды олар сондықтан белді бекем.  
Қайран біздің арыстар ажалға да,  
Қарсы тұрып жауларын жеңді ме  
екен?...

Оян ,Қазақ!

Түбінді таныдың ба?  
Үлесің бар жалғанның жарығында.  
Әлдиле Өлім әлдиле енді оларды,  
Мына дүние тұрғанша қалыбында?

Тұғырында Тұранның,

Мың түлермін!

Сілкінермін ,кімдерден іркілермін?!  
Күн көтеріп ұшамын көкжиекке,  
Кім екенін көрсетіп ,Түркілердің !!!

## ЖІГЕР

Қою мұң қонып бұлтымен,  
Санамды сарқып сілкіген.  
Жалғанның жалған екенін,  
Жеңу де қиын ,күлкімен.

Шегіне көрме бірақ та...  
Сабазым менің жүр ,атта.  
Жалғанның жалған екенін,  
Жеңе алман әсте жылап та...

Шабасың әлі талайға,  
Қайғырма шыда , жарай ма?  
Құдайдың Құдай екенін,

Ұмытпау керек қалайда.

...Ұлықтау керек алайда!!!

### АҚЫНДАРДЫҢ АРНАСЫ

Шабыт келсе тайсақтап тұсалар кім?  
Ондай сәтте лапылдап күш алармын.  
Жаққан отын маздатып өтсем деймін,  
Мұқағали,  
Мұқатай,  
Мұсалардың!

Жыр көгінде қалықтап ұша алармын.  
Қызыл көрген қырандай түсе алармын.  
Менде бір арнасындай сезінемін,  
Мұқағали,  
Мұқатай,  
Мұсалардың!

Мынау дархан даланы құша алармын.  
Құша алармын құшаққа қыса алармын.  
О , Тәңірім жырдағы бақ нұрын бер,  
Мұқағали,  
Мұқатай,  
Мұсалардың!

### ТҰҢҒИЫҚ СЫР

Тұңғиық сыр,  
сенікі екен мендегі.  
Балауса жыр,  
Бұлағың бұл белдегі.  
Сипап өтсе  
самайымды жел лебі,  
Сезіп тұрам  
кереметті сендегі.  
Қуат алам,  
қанаттанам мен солай,  
О ,туған ел ,  
Ұлылықпен жердегі!

Таңырқама?..

Біздің өлке жырлы бақ.  
Арманыңа оралады нұрлы шақ.  
Өсем гүлдер - ансамбльдер кіл құшақ,  
Күйге көміп тербетеді қырды ұзақ.  
Тілін түсін табиғаттың тек қана,  
Бұлақ - өлең,  
Пырақ - өлең,  
Сыр - ұшақ !

Табиғаттым,

қашанда ар - асылым!

Құдірет өзі берген жарасымын.  
Көлсайым,  
Қыземшегім,  
Далашығым,

Көзімнің сенен табам қарашығын.  
Тамырын табиғаттың еміп өскен,  
Мен - жұмақ ,  
Жер - Ананың баласымын !!!